

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov\_r@inbox.ru)***Жетісудағы Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әскерінің қолбасшысы — Отыншы Әлжанов**  
(140 жылдығына орай)

Мақала Жетісудағы Алаш қозғалысының жетекшісі, әскери қолбасшысы, ағартушы және публицист Отыншы Әлжановтың 140 жылдығына арналған. Оның ғылыми мақалаларының негізгі тақырыптары халық ағарту қызметі, жастарды өнер-білімге шақыру, руаралық тартыстарды сынау, жергілікті шаруашылықтарды дамыту, қазақтың ұлттық дәстүрлерінің ерекшеліктері және ауыз әдебиеті болғандығы туралы айтылған. 1916 жылғы көтерілісте Патша үкіметі билігі тарапынан қарапайым қалың қазаққа қысымшылық жасалмауы үшін тырысып баққаны пайымдалған. Оның Алашорда Үкіметінің құрамына сайлануына, Жетісу қазақтарының съезіне дайындық жұмыстарын жүргізуге, халықтық милиция құруға бағытталған сан қырлы қызметі суреттелген. Азамат соғысы жылдарында Ашыққандарға жәрдем жасау комитетін құру, сондай-ақ Жетісу халқын қорғау үшін милиция жасақтарын ұйымдастыру жолындағы айрықша рөлі дәріптелген. Сондай-ақ оның 1918 жылдың жазында қызыл партизандармен болған ауыр шайқаста қайғылы қазаға душар болғаны мәлімденген.

*Кілтті сөздер:* көшбасшы, Алаш қозғалысы, Жетісу, майдан, Алаш полкі, сарбаздар, үкімет, сапар, «қызыл террор», мақалалар.

*Кіріспе*

«Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылардың бірі, белсенді көшбасшы Отыншы Әлжановтың өмір дерегінде: «1917 жылғы ақпаннан Жетісу облысындағы Алаш қозғалысы жетекшісінің бірі болды. Ол Екінші жалпы қазақ съезінде (Орынбор, 1917 жылдың 5–13 желтоқсаны) Жетісуда құрылған Алаш әскерлерінің қолбасшысы болып, большевиктерге қарсы соғысты ...» [1; 77], — делінген.

1917–1918 жылдары Тарбағатайдың «Қызыл қырандарының» қатыгездігі шектен шығып, тау етегіндегі халыққа зардабы тиіп, қия басқанның көзін жойып, қан қақсатып тұрған. Сондықтан да Тарбағатайдың күнгей беттерінде Алаш жасақтарының бір легі 1918 жылдың басынан құрыла бастайды.

Алаш сарбаздары атпен сапқа тұрғанда аттың түсіне қарай тұрған (көк аттылар бір қатарға, жирен аттылар бір қатарға). Ал жерде жаяу тұрғанда роталар ру бойынша сапқа тізілген. «Байжігіт» ротасы, «Сыбан» ротасы, «Болатшы» ротасы т.с.с.

Алаш полкінде 3 дөңгелекті, атпен сүйретіп жүретін 14 зеңбірек болған. Оларға офицерлер басшылық жасаған. Көшпелі ас-ауқат болған, қазандар дөңгелекті рамаларға орнатылып, атпен тартылып жүреді екен. Жол үстінде ас әзірлене берген. Бағындырған ауылдардың үйлерінде күзет қойып, әр шаңырақта бірнеше сарбаздан тұра береді екен.

Алаш полкі соғысты әрдайым сәтті жүргізген. Әсіресе О.Әлжановтың басшылығы тұсында ірі жеңістерге жетіп отырған [2].

Өйткені Жетісу майданында әскери дайындық сауатты жүргізілген. Атпен шауып келе жатып екі жақтағы қарға шаншылып қойылған шыбықтарды қылышпен шапқанда шыбықтар тіп-тік түсуі керек екен. Гранатаның үстіндегі пестонын таспен ұрып, «быж» ете түскенде лақтыру, мылтықты дәл ату, окоп қазу, қорғану тәсілдері — бәрі жаттықтырылады. «Алаш» гимні де үйретіледі.

Отыншы бірде Лепсіден Көктұмаға (Бақтыға) келіп, сарбаздардың дайындығын көріп, олардың алдында сөз сөйлейді. Оның мына бір қанатты сөзі сарбаздардың жадында мәңгі сақталып қалған: «...Көз алдына елестетіңдер! Ресей үкіметі бұрын ақбоз ат сияқты болатын. Сол ақбоз аттан аттың қасқасындай ғана Ақ үкіметі қалды. Қасқа бара-бара төбелге айналады да, жирен ат болады... Ол үкіметтен жеті ата-бабаңның ұрпағына иенің жасуындай жақсылық келмейді. Тек Құдай қайдасың деп аспанға, көкке шыққанда әлемді шарпып, өз-өзінен құлайды» [1; 77].

Отыншы ұзын бойлы, арық, қара кісі болған. Ол құралайды көзге атқан қас мерген екен. Жаттығу алаңында нағанмен де, мылтықпен де көкке лақтырған тиындарды атып ұшырады екен.

О.Әлжанов қаза болғаннан кейін Жетісу майданында қызылдарға қарсы соғысып жатқан Алаш полкіне тікелей атаман Анненковтың өзі басшылық жасайды.

*Отыншы Әлжанов ағартушы-публицист ретінде*

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, Алашорда үкіметінің мүшесі, Жетісудағы Алаш қозғалысының басшыларының бірі, ағартушы-публицист, халық мұғалімі Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының 16 ауылында ауқатты отбасында туған.

Отыншының әкесі Әлжан — әйгілі аға сұлтан Құнанбайдың Найман еліне ұзатылған туған қарындасы Тайбаланың бауырына салып алған баласының бірі. Үлкені — Бақтыбайды (Ізғұтты) Құнанбай жиені ретінде өз қолына алып тәрбиелеп өсірсе, Әлжан Тайбала бәйбішенің тәрбиесінде өседі. Әлжан жалғыз ұлы Отыншыны орысша оқытуға ынталы болып, тоғыз жасар кезінде, 1882 жылы 12 қыркүйекте Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-қазақ училищесіне берген. Жас шәкірт аталған училищені 1887 жылы үздік бітіреді. Ұлына орта білім беру ниетімен Әлжан Отыншыны сол жылы Омбы қалалық училищесіне оқуға береді [3].

Жас дарын осы училищені 1890 жылы ойдағыдай тәмамдап, Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. Сол кезде Омбы қаласында шығып тұрған «Киргизская степная газета» мен «Дала уәлаятының газеті» атты басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты мақалалар жазып тұрған.

Сонымен бірге қазақ даласында мектептер ашып, онда қазақ не қазақ тілін білетін мұғалімдердің сабақ беруін, оқу-ағарту саласының басқа да толғақты мәселелерінен сөз қозғап, баспасөз бетіне көтеруі оның белгілі орыс шығыстанушысы және Патша әкімшілігінің ірі шенеунігі, Семей және Ақмола облыстарының Халық училищелерінің директоры А.Е.Алекторовтың көзіне түсіп, қолдауына ие болған.

1905 жылы 10 мамыр – 3 маусым аралығында Санкт-Петербург қаласында «Шығыс бұратаналарын» оқыту мәселелеріне арналған Ерекше мәжіліске Дала уәлаятындағы қазақ мұғалімдерінің атынан барып, сөз сөйлейді. Мәжіліске II Николай патша мен халық Ағарту министрі Глазов қатысқан. 1907 жылы қыркүйек-қазан айларында Санкт-Петербурда Халық ағарту министрлігі ұйымдастырған жиналыста да Әлжанов бұратана халықтардың оқу-ағарту мәселелері жөніндегі 1906 жылы 31 наурыздағы «Ережеге» қатысты пікірін, сын ескертепелерін баяндап шығады [4; 161,162].

Осы мәжілістен оралған соң белгілі орыс шығыстанушысы, Семей және Ақмола облыстарындағы Халық училищелерінің директоры А.Е.Алекторовтың жәрдемімен 1907 жылы Көкпекті 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып тағайындалады. Өскемен, Зайсан уездеріндегі қазақ мектептеріне басшылық жасау міндетін қоса атқарады. Мектеп ісін жолға қоюда көптеген шаралар ұйымдастырып, мектеп ашуға ел байларын жұмылдырады.

Көкпектіде ол тек ұстаздықпен айналыспай, істі болған, зәбір-жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек қол ұшын берді. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкереледі. Осы жылдары ол Қошке Кемеңгеровтың апасы Нұржамилаға үйленді [5].

О.Әлжанов Көкпектіде тұрып жатқан қазақтардың жер мен судың түпкілікті иесі бола отырып, оны пайдалануда орыс келімсектері мен саудаға құныққан татар көпестеріне есесі кетіп, теңдік ала алмай отырғанын көріп-білді.

Қазақ жерінен қала үлесіне, әскери жасақтар үлесіне, қазына үлесіне, орман шаруашылығы үлесіне деп кесіп алынған жерлерге қазақ бұқарасының аяқты малы түсіп кетсе иесіне айып салынып, абақтыға жабылып, істі болып жатса, ал тасты, шөлді, қуаң жайылымына жүздеп, мыңдап ала жаздай малын жайған, қазақ жерінің өрісін тарылтып, құтын қашырған орыс алпауыттары мен татар саудагерлеріне ешқандай заң қолданылмады. Осындай шектен шыққан қиянатты көре, біле тұрып Отыншы қол қусырып отыра алмады: заңға жүгініп әділет сұрап, өтініш-арыздар жазды. Отыншының ақ сөзін арсыздықпен теріс жорыған Патша әкімдері оның өзіне пәле жапты. Оның әділеттілік сұрап, заңға жүгінуін қазақ халқын Патша үкіметіне қарсы үгіттеп, қазақ жеріне орыс келімсектерін қоныстандыру саясатына қарсылық көрсету деп білді [6; 64,65].

Жергілікті шенеуніктерден жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек берген О.Әлжановтың әрекетінен қауіптенген Патша әкімшілігі орыс келімсектері мен татар саудагерінің атынан жалалы арыз ұйымдастырады. Асыл азамат 1909 жылы Дала генерал-губернаторының жарлығымен тұтқындалып, 6 қыркүйекте Жетісу облысының Лепсі уезіне жер аударылады [4; 162].

Бес жыл мерзімге Үріжарға жер аударылған Отыншы ақыры жаза мерзімі біткен соң да еліне қайтпай осында тұрып қалады.

*Әлжановтың тағдырының Жетісу жерімен тығыз байланыста болуы*

Алаш көсемдерімен пікірлес, саптас болған Отыншы Үріжар, Мұқаншы, Алакөл маңындағы елді оятуға, олардың хат сауатын ашуға бар күшін салды. 1916 жылғы көтеріліс кезінде де осы елге ес болып, артық қантөгістен қорғап қалған да — сол Әлжанов еді.

Жетісу өңірінде Отыншы халық мүддесін жоқтап, адвокаттықпен айналысады. 1912 жылы Лепсі уезіндегі Қаракөл болысында болған толқуға қатысқан қазақтарға Әлжановтың адвокат ретінде ақыл-кеңес беруі олардың жағдайларының оңалуына ықпал етеді. Жетісуда ол қазақ зиялыларымен, Маман әулетімен, «Мамания» мектебінің мұғалімдерімен, жер аударылып келген қазақ оқымыстылары Ж.Ақпаев, К.Төгісов, тағы басқалармен тығыз байланыс жасады.

1916 жылы түгелдей Патша тарапынан арнайы қаруланған орыс келімсектері ішінен қазан бұзар бұзақылар көптеп шыға бастаған болатын. Олар кешегі 1916 жылғы дүрбелеңде қазақ халқының Патша өкіметіне бас көтеріп, қолына қару алғанын орысқа қарсы жасалған әрекет деп еске алады. Қарусыз, қорғансыз халықты кейде қорқытып, кейде үркітіп ойларына келген бейбастықтарын істеп, ел берекесін кетіре бастаған еді. Осы тұстағы Жетісу елінің жағдайын Семейде шығып тұрған «Абай» журналы төмендегіше: «...1916 жылдан бері соры ашылмай келе жатқан Жетісу қазақтарының бұл жолы тағы да үлкен апатқа ұшырап, басына ауыртпалық түскен көрінеді. Еркек, әйел, кәрі, жас, балашаға демей көзіне көрінген қазақты оқтың астына алып өлтіріп, үйін, мүлкін өртеп, малын талап алды» [6; 66], — деп жазды.

«Ел болса ер туғызбай тұра алмайды» деген рас. Үріжардағы қара шекпенділердің бейбастық зорлығына қасқайып қарсы шыққан бір ғана адам болды. Ол — Отыншы Әлжанов еді. Патша үкіметі құлағанда ол Уақытша үкіметтің Лепсі уезі комиссарының орынбасары болды.

*Отыншының Жетісу жеріндегі Алаш қозғалысына белсене араласуы*

1917 жылы Патша үкіметі құлаған соң О.Әлжанов Алаш қозғалысына белсене араласады. Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі ретінде облыстық, жалпықазақ съездеріне түгелдей қатысады.

1917 жылдың 12–14 сәуір аралығында Верный қаласында Жетісу облыстық қазақ съезін өткізуге атсалысады. Бұл съездің күн тәртібіне соғысқа және Уақытша үкіметке көзқарас, азық-түлік, жер-су мәселесі, рухани-діни іс, сот, оқу-ағарту, мал шаруашылығы, орыстар мен қазақтардың арақатынасын реттеу және 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалыстан соң ауған босқындарды Қытайдан қайтару сияқты 17 мәселе қойылып, нақты шешімдер қабылданды. Соғыс мәселесінде — «оны жеңіске жеткенше жалғастыру», Уақытша үкіметке бағынып, оған жан-жақты қолдау көрсету, дін ісінде — «далалық Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына ортақ» ерекше діни жиналыс құрып, оны «Қазақстан» деп атау, басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссардан — бірі орыс, екіншісі мұсылман тағайындау, жер мәселесінде — «облыс шеттен қоныс аударушылар үшін мүлде жабық деп саналсын» делініп, Қытайға ауған босқындарды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерге орналастыру, қарулы қақтығыстарды болдырмау үшін бұл мәселені Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің бақылауына беру болды [7; 173].

О.Әлжанов 1917 жылы 21–28 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақ съезінде Жетісу облысынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысының депутаттығына ұсынылады [4; 162].

Отыншы 1917 жылы желтоқсан айының 5–13 күндері Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезіне қатысады. Съезде құрылған Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша Ұлттық Кеңес — Алашорда деп аталынды, ал оның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстанды Ресей орталығындағы жеңіске жеткен «социалистік» революциядан («бүлікшіліктен») қорғау болды. Съезд шешімінде көрсетілгендей, Уақытша Ұлттық Кеңес — Алашорданың құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам сайланды: Уәлихан Танашев (Бөкей Ордасынан), Халел Досмұхамедов (Орал обл.), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Халел Ғаббасов (Семей обл.), Мұстафа Шоқай (Сырдария обл.), Садық Аманжолов (Жетісу обл.) т.б. Алашорда құрамына облыстардан тыс халыққа кеңінен таныс қайраткерлер: Ғалихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев, Бакыткерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды [7; 42].

Алашорда құрамына сайланғандар түгелге дерлік жоғары білімді зиялылар еді. Олар Петроградтың, Мәскеудің, Қазанның, Томскінің, тағы басқа қалалардың жоғары оқу орындарын

заңгер, экономист, дәрігер, математика, тау-кен және темір жол инженерлері, тағы басқа мамандықтар бойынша бітіргендер. Бұлардың басым көпшілігі өз мамандықтары бойынша қызмет атқарумен қатар ғылыми, шығармашылық жұмыс атқарды.

Отыншы 1918 жылы қаңтарда Верный қаласындағы Жетісу облысы қазақтарының Екінші съезіне қатысып, автономия, милиция құру жұмыстарымен айналысты. Алаш зиялыларының іс-қимылынан қауіптенген большевиктер 1918 жылы 9 наурызда О.Әлжанов, Ы.Жайнақов және С.Сабатаев сияқты Алаш басшыларын тұтқындады [7; 271].

Мәскеудегі Кеңес үкіметінің алдына большевиктердің озбырлығы туралы мәселе қойылғаннан кейін сәуір айында Отыншы абақтыдан босатылып, Лепсі жағына келеді. Азамат соғысы жылдары Лепсіде Жұтаған елге көмек көрсету комитетін құрады. Милиция жасақтап, «елдің басына мынандай пәле туып тұрғанда мен бұларды тастап кете алмаймын, өлсем-тірілсем де бірге көремін» деп елді қорғауға бел байлайды. 1918 жылы 29 маусымда арнайы Далалық Сібір корпусының штабына, Жетісудың әскери атаманы Ионовқа «Верный уезінде большевиктердің бейбіт халықты аяусыз қырғынға ұшыратқанын, Кіші, Үлкен Алматы, Қаскелең, Тастақ станцияларын қиратқанын» хабарлап, телеграмма жолдайды.

#### *Отыншы мен Әсет*

Отыншы Әлжановты көрнекті ақын, әнші, композитор Әсет Найманбайұлы жақсы білген.

Әсет татар медресесінде оқып, сауатын ашқан. 15–16 жасынан той-думандарда ән салып, өлең айта бастайды. 18 жасында саудагерлерге ілесіп, әйгілі Қоянды жәрмеңкесіне барған. Сонда ақын қыз Ырысжанмен айтысып, елге танылады.

1913 жылы Әсет Алматыға келіп, жұрт алдында өнер көрсетеді. Осы тұста «Атым Әсет» деп өзін таныстыратын толғауы Жетісу аймағына кеңінен тарайды. Атақты ақын Семей, Жетісу жерлерімен қоса, Бакты шекарасының арғы жағындағы, Қытай жеріндегі қазақ ауылдарын жиі аралаған [4; 166].

Өнер десе ішкен асын жерге қоятын Отыншының үйіне Әсет Найманбайұлының ары-бері өтіп жүргенде талай рет түскені бар. Алаш партиясының мүшесі О.Әлжанов досы Әсеттің құлақ құрышын қандыратын шырқау әндеріне, хисса-дастандарына, халықты өнер-білімге шақырған ғақылия өлеңдеріне өте жоғары баға берген.

#### *Алаш көсемдерінің Шәуешек қаласына сапар жасауы*

*Сары Арқа, салқын Қалба, Кербетеге  
Қысым көрмей мекенінен ел кете ме?  
Суырдай шұбатылып шыққан іннен  
Ұл туып енді бұл жерде ер жете ме?*

Бұл өлең осы күнге дейін ел ішінде сақталған.

#### *Отыншы Әлжанов — «қызыл террордың» құрбаны*

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін билікті қолға алған большевиктер «қызыл террорды» қолдану мәселесін күн тәртібіне қойды. Оның негізгі себебі басшылыққа келгендердің өз мақсатын орындау болатын. Қарумен билікті басып алған олар елде күшпен тәртіп орната бастады.

Қазақстандағы большевиктік террордың әсері төмендегі жағдайлардан көрінген болатын. 1918 жылы 6 наурызда Қазы Нұрмұхамедұлы, Нұғман Сарыбөпеұлы, тамызда Отыншы Әлжанов өлтірілді. Бұл туралы азалы мақалалар «Қазақ» газетінде жарияланды [8].

Әсіресе О.Әлжановтың қазасы бүкіл қазақ халқын күңіrentкен азалы өлім болды. Бүкіл қазақ даласы аза тұтты. Қазақ тілінде шығып тұрған барлық газет-журналдар арнайы қазанамалар арнады.

Б.Мәметов пен Ы.Жайнақов «Абай» журналында: «...Алаш баласына Отыншының шығыны батады. Орны ойсырайды. ...Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма?» деп басқарма атынан азалы сөз жазды [9].

Міржақып Дулатов «Жас азаматта» (1918 жылдың 25 тамызы) Отыншы Әлжановтың азаматтық өр тұлғасы, бітім болмысы туралы былай деді: «...Өткен июль айында мен Отыншының елінде болдым. Сол кезде Отыншы марқұмнан хат келді. Хатында жазған екен: «Мұндағы жұрттың басына қиямет-қайым туды, қатын, бала-шағамды алып кетіндер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырап жатқанда мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын, өлсем де, тірілсем де бірге көремін» деп.

Бірге көрді, ұлты үшін өлімнен қорыққан жоқ. Есіл ер Алаш жолында ғазиз жанын құрбан қылды. Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын, аяулы Отыншы!

Ұлтың үшін қан жыладың, қамын жедің, қызықты ғұмырың абақтыда, айдауда өтті, сонда да тауың шағылмады.

Қамалға шаптың, қанға боялды, қаза таптың, бірақ арманда кеттің. Алаштың көргенін көре алмадым деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас.

Хош, бауырым!» [10].

Жүсіпбек Аймауытов пен Қошке Кемеңгеров сияқты қайраткер, қаламгерлер де О.Әлжановтың қоғамдық-әлеуметтік қызметін жоғары бағалап, арнайы мақалалар жазды.

### Түйін

Алаш зиялылары Шәуешектен қайтып кеткен соң Отыншы Әлжанов Үріжар төңірегінде Алаш жасағын құрды. Сойыл-шоқпар, қылыш-найза, әр түрлі мылтықпен қаруланған жүз шақты аламан осы елге кәдімгідей қалқан болды. «Қызыл қырандар» Үріжарға үкім жүргізгенде, оларға Отыншы ғана қарсы тұра алды. Амал не, қару-жарағы кемшін, шағын қол көп күшке төтеп бере алмады.

Отыншы «Қызыл қырандардың» қолынан мынандай жағдайда опат болады. Ол Лепсіден Семейге шақырылады. Семейден Шәуешекке баруға тапсырма алып, 30-дай сарбазымен Тарбағатайдың Келдімұрат асуынан күндіз асып келе жатқанда «Қызыл қырандардың» тосқауылына тап болады. Сарбаздарына сенген бе, асығыс па, жасырынбай жүрген. Олардың тастай бекініс шебін бұзып өтеді. «Қырандар» да ізіне өкшелей түсіп қалмайды. Атыса-атыса жазықтағы Мұқаншыны бетке алады. Бұлар үш топқа бөлініп алып, 40–50 км бойы атысып қашқан. Ұрымтал жерде қуғыншыларға қайтарма соққы да берген. Балатөбе мен Жайтөбе арасында «Қызыл қырандардың» көрнекті қолбасшыларының бірі оққа ұшады. Отыншы сарбаздарының да қатары сирейді.

Алаш зиялыларының «Алашорда» үкіметі құрылысымен 1918 жылы көктемде Шәуешек қаласына сапар жасағаны белгілі. Бұл сапар жөнінде 1990 жылдары баспа беттерінде хабарланды. Бір топ адаммен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Мәрсеков және Әсет Найманбаевтың бірге түскен суреті жарияланды.

Әсет сол сапарда ұлт көсемдері Ахмет, Міржақыптармен біраз күн бірге болды. Оларды да ой меңдетіп, ұйқы қашып, шарасыздық шаршатып жүрген кезі екен. Отырыс-мәслихаттарда ән салып, көңілдерін көтерді.

Ахмет пен Міржақып Әсет Найманбайұлын төбесіне көтеріп, қашан қайтқанша қастарынан қалдырмайды.

1918 жылы көктемде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Р. Мәрсеков бастаған тоғыз адам Шығысқа бет алады. Олардың осы өлкеге келуіне Отыншы Әлжанов мұрындық болады. Ол Алаш зиялыларын Шәуешекке дейін ертіп апарып, ақырында оларды Аягөзге дейін ұзатып салады.

Алаш көшбасшылары Шәуешекке не үшін барды? Жедел баруға қандай қажеттілік болды? Не тындырып қайтты? Бұл сапардың мақсаты мен мәнісі — әлі сені бұзылмаған дүние.

Р.Нүсіпов «Алаш зиялыларының беймәлім сапары» атты қызықты мақаласында [11; 37] бұл мәселелер туралы мынадай әңгіме өрбіткен: «Ахандар (Ахмет Байтұрсынов) тобының Шәуешекке сапарының басты саласы — «Жетісу майданында» қызылдарға қарсы соғысып жатқан 700 Алаш жасағының мұң-мұқтажы еді. Бұл жасақтардың саны 1500-ге дейін жетеді. Жетісуда соғысып жатқан Алаш полкінің жігіттері Лепсі уезіне қарасты Тарбағатайдың күнге беткейін мекендеген елдің балалары еді».

М.Дулатов «Жас азамат» басылымында: «Өткен январь айында Орынбор съезінің қаулысын қалай орындау жайын кеңесу үшін Алматыда Жетісу облысының съезі болды. Отыншы марқұм сол съезге келген еді. Съезд тарағаннан кейін Отыншының іждаһатымен Түркістан комитетінің бастығы Шкапский арқылы Жетісуда Алаш милициясын құруға қазынадан бес жүз мың сом ақша алып, большевиктен аулақ тұрған Лепсі казначействосына жіберілді...

...Большевиктер күшейіп, Лепсідегі қазаққа тиген бес жүз мыңды алып қойды, жұртқа ойран сала бастады...», — дейді [11; 37].

Бұл өңірде Алаш көсемдері айдан астам уақыт болады. Олар Жетісудағы Ақтармен тізе қосып соғысып жатқан Алаш полкін азық-түлік, ішіп-жеммен қамтамасыз ету үшін Шәуешектегі қазақ және Шанышевтер бастаған 18 татар байынан көмек сұрайды.

Патша үкіметі құлағаннан кейін, соның жұрнағы болып Шәуешекте 18 татар байы қалыпты (оларды Қасымхан Шанышев басқарған). Осы татар байлары қызылдарға қарсы күрескен күштерден

көмегін аямаған екен. Патша үкіметінің Шығыстағы қаржысы 18 татар байларының қоржынында болады. Олар Алаш полкіне қаржылық көмек береді.

Ахандар тобы қайтарында Зайсанға соғып, ондағы дайындықтағы Алаш полкінде біраз аялдайды. Ә.Бөкейханов Ахаң бастаған топты Қалбатауда тосып алады. Істің мән-жайын ұғысқаннан кейін, кешкілікте төбенің басында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Райымжан — төртеуі бір-бір жолдан жалғастырып бір шумақ өлең құрастырады [11; 37]:

Кешкісін атысушылар Мұқаншыға кіреді. Жанындағы серіктерін құтқарып, алға жібереді де, Шахмарданов деген подполковник екеуі шіркеуге кіріп, мұнарасынан пулеметтен оқ жаудырып, қуғыншының назарын өздеріне аударады. «Қызыл қырандар» түні бойы атысып, шіркеудің маңына жолай алмайды [1; 78].

Ақыры, өшіккен қызылдар Отыншыны тірідей қолға түсіре алмасын біліп, оны ағаштан өрілген «Құдай үйімен» бірге өртеп жіберуге шешім қабылдайды. Олар таңға жақын шіркеу маңындағы шөп-шаламға от қойып, ол от желмен қарағай шіркеуге тиеді. Осылайша екі боздақ лаулаған отқа оранып, шейіт болады. Ел ішіне Отыншының қазасы төбеден жай түскендей әсер етеді.

Өкінішке орай, қысылтаяң кезде туған халқына қорған бола білген, жанын қиған Отыншы Әлжанов тоталитарлық Кеңес үкіметі тарапынан ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келді. Сондықтан да туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қанды майдан соғыста құрбан болған, елінің оқу-ағарту ісіне айтарлықтай із қалдырған, туған халқының әдебиеті, мәдениетіне елеулі үлес қосқан Отыншы Әлжанов есімін ел есіне, ұрпақтар жадында қалдыру бүгінгілердің атқарар борышты істері болса керек.

#### References

- 1 Nusipov R. *Otyynshy as special personality* // History of Kazakhs, 2009, No. 5 (98), p. 77–79.
- 2 Nusipov R. *Destiny of the Alashsky regiment* // History of Kazakhs, 2010, No. 6 (105), p. 10–12.
- 3 Shakarim. *Encyclopedia* / Editor-in-chief E.B. Sydykov, Families: Tengri publ. house, 2008, p. 169.
- 4 *Semirechye. Encyclopedia*, Almaty: Arys publ. house, 2004, 712 p.
- 5 *Kazakhstan. National encyclopedia*. Vol. 1. / Editor-in-chief A.Nysanbayev, Almaty: Main edition of «The Kazakh encyclopedia», 1998, p. 667.
- 6 *Terror red* / Originators: K.Kasenov, A.Torekhanov, Almaty: Kazakhstan, 1994, 80 p.
- 7 *Alash. Alashorda: Encyclopedias* / Originators: G.Anes, S.Smagulova, Almaty: Arys publ. house, 2009, 544 p.
- 8 Musagaliyeva A. «*Terror red*» in *Kazakhstan: data and messages* // History of Kazakhs, 2012, No. 3(114), p. 22–25.
- 9 Eskendirula (Abdeshev) M. *Ministers "Alash Ordy"*, Almaty: Altynbek Sarsenbayula's fund, 2008, p. 17.
- 10 Nusupov R. *Fight white and red on the native earth Otyynshy Alzhanova* // History of Kazakhs, 2010, No. 2 (101), p. 59,60.
- 11 Nusupov R. *Unknown travel of leaders of movement Alash* // History of Kazakhs, 2009, No. 2, p. 36–38.

Р.С.Каренов

**О деятельности Альжанова — одного из членов правительства Алашорды  
Алашского движения в Семиречье**

(К 140-летию)

Статья посвящена 140-летию полководца, просветителя, публициста, руководителя Алашского движения в Семиречье Отынши Альжанова. Подчеркнуто, что основные темы его научных статей — учебно-образовательная деятельность, критика родовых «дрязг», развитие местного хозяйства, особенности казахских национальных обычаев и устной литературы. Отмечено, что во время восстания 1916 г. он пытался предотвратить насилие в отношении казахского населения со стороны царских властей. Автором статьи описана многогранная деятельность О.Альжанова, связанная с его избранием в состав правительства Алашорды, подготовкой съезда казахов Семиречья, созданием народной милиции. Выделена особая роль Альжанова в создании Комитета помощи голодающим в годы гражданской войны, в организации милицейских дружин для защиты населения Семиречья. Освещена его трагическая гибель в бою с красными партизанами летом 1918 г.

R.Karenov

**On the activities of Oтынshi Alzhanov — one of the leaders and generals  
of the Alash movement in the Semirechye**

(To the 140th anniversary)

The article is dedicated to the 140th anniversary of the Oтынshi Alzhanov, military leader, educator, journalist, head of the Alash movement in the Seven Rivers. It is emphasized that the main theme of his research papers — education efforts, criticism of tribal squabbles, the development of the local economy, particularly the Kazakh national traditions and oral literature. It is noted that during the uprising in 1916 he was trying to prevent violence against Kazakh population from the imperial authorities. Described by its multi-faceted activities associated with the election of the Alashorda Government, preparation of the Congress of Kazakh's Semirechye, the creation of a people's militia. Alzhanov's special role in the creation of the Committees for famine relief in the Civil War, in the organization of police squads to protect the public of Semirechye is shown. Attention is paid to his tragic death in a battle with the partisans in the summer of 1918.